

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(8) қазан-желтоқсан 2016
ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ
журнал**

2016, № 4(8)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2016, № 4(8)

Құрылтайшы:

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolnova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,

28 Shevchenko Str.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,

«Edu.e-history.kz»

Editorial electronic scientific journal

Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the
Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ӘОЖ 94 (574) «20/30»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ

Қозыбақова Ф.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры,
т.ғ.к.,
e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада авторлар ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан тарихының кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарының, қазақ қауымындағы ежелден қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық пен нарықтық қатынасты күйретудің Сталиндік-Голощекиндік негіздерін талдай келе, «байлар мен кулактарды тап ретінде жою» саясатын ҚР ҚРОМА, ҚР ПА мұрағаттарындағы деректері мен құжаттары негізінде баяндайды. Авторлар кеңестік Қазақстанның империялық билік кезіндегі «Байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты» - шаруа қауымының табиғатына қарсы бағытталған, адамгершіліктен жұрдай, қылмысты саясат. Сондықтанда оның зардаптарыда аса ауыр: ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі мал шаруашылығын табиғи ерекшеліктерге сай тиімді ұйымдастыра алатын ең іскер, білікті шаруақор адамдардан айырып, дәстүрлі шаруашылықты біржола күйретуге әкелгендігін ғылыми негіздейді.

Түйін сөздер: Империялық билік, бай, кулак, ұжымдастыру, ОГПУ, мұрағат, партия, конференция, жер аудару, тоталитаризм, экстремизм

ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ

Қозыбақова Ф.А.

Аннотация. В статье раскрывается суть чрезвычайной политико-экономической компании, по уничтожению сложившихся в казахской общине с древности, традиционных хозяйственных и рыночных отношений, известной в истории Казахстана как политики «ликвидации баев и кулаков как класса». Авторы, анализируют события 20-30 годов ХХ века, периода существования сталинско-голощекинской советской тоталитарной системы, на основе документов и материалов ЦГА РК и АП РК.

Исследователи считают политику имперской власти советского Казахстана по «ликвидации баев и кулаков как класса» противоестественной, лишённой человечности, преступной политикой и указывают на тяжёлые последствия, как лишение казахских хозяйств знатоков основ и правил организации традиционного скотоводства, с учетом природных особенностей сельского хозяйства Края. Авторы дают научное обоснование окончательному разрушению традиционного хозяйства казахов.

Ключевые слова: Имперская власть, бай, кулак, коллективизация, ОГПУ, архив, партия, конференция, ссылка, тоталитаризм, экстремизм

EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN

Kozybakova F.A.

Abstract. The article reveals the essence of extreme political-economical company of destroying traditional economical and market relations that existed in Kazakh society, by using Stalin-Goloshekin basis and it is known in the history of Kazakhstan as a policy of "liquidation of the kulaks and bais as a class." Moreover authors analyze the period of 20-30th of XX century, period of soviet totalitarian system on information and documents from KRCAA of RK and PA of RK.

Authors consider that "liquidation of rich and qulaqs as a class" politics of soviet Kazakhstan imperial authority is unnatural, lacking humanism and illegal politics. Thus it has unbearable consequences: liquidation of knowledgeable, experienced people, who knew how to organize traditional cattle breeding based upon natural characteristics of agriculture. Authors scientifically prove the final destruction of traditional economics.

Keywords: imperial authority, bay, qulaq, collectivization, JSPD, archive, party, conference, deportation, totalitarianism, extremism.

Кулактарды тап ретінде жою саясаты шаруалар қожалықтарын күштеп жаппай ұжымдастыруға бағыт ұстауға байланысты біртіндеп, 1929 жылдың соңына қарай өмірге табанды түрде енгізіле бастады. Партияның Орталық Комитеті кулактарды тап ретінде жою туралы арнайы нұсқау қабылдамаса да, И.Сталин өзінің сөйлеген сөздерінде бұл науқанның басталуына теориялық негіз қалады. Ол өзінің «Ұлы өзгеріс жылы» деген атпен «Правда» газетінде 1929 жылдың 7 қарашада жарық көрген еңбегінде осыдан бұрынғы азық-түлік дайындау науқанындағы қол жеткен табыстар «Деревняның капиталистік элементтеріне шабуыл» жасаудың нәтижесі екенін атап көрсете келе, мұны тіпті соқырлар да көріп отыр» - деген еді [1, 145 -б.]. Бірақ орталық тарапынан «Ал енді осы науқанды бастаңыздар» деген арнайы нұсқау бола қоймағанын да айта кеткен жөн. Сондықтан да, сәл кейінірек өзінің Бүкіл қазақтық 7 партия конференциясында сөйлеген сөзінде Ф.И.Голощекиннің былай дегені бар: «Мен жиналыстарда мәселені былай қойдым – Орталық комитеттің кулактарды тап ретінде жою туралы нұсқауын, Орталық комитеттің кулактарды жою туралы қарарын кім оқыды? Ешкім де оны оқи алған жоқ. Өйткені ондай қарар жоқ, бірақ коллективтендіру туралы қарар бар. Бұл тағы да кулактарды тап ретінде жоюды коллективтендіру процесінен бөлек ойластыруға болмайтынын көрсетеді» [2, 104 -б.].

Бұдан біраз кейінірек 1929 жылы 27 декабрьде, «ССРО-дағы саясат мәселелері жөнінде» марксист аграршылар конференциясында сөйлеген сөзінде И.Сталин бұл мәселені анық және батыл қойды. «Біз,—деді ол,— соңғы уақытта кулактардың қанаушылық тенденциясын тежеу саясатынан кулактарды тап ретінде жою саясатына көштік» [1, 186 -б.].

И.Сталин осы сөзінде осынау жаңа саясаттың мәнін ашып көрсетіп, былай деген еді: «Кулактарға шабуыл жасау үлкен жұмыс... Кулактарға шабуыл жасау дегеніміз – кулактарды қирату және оларды тап ретінде жою деген сөз... Кулактарға шабуыл жасау дегеніміз – іске әзірленіп алып, кулактарға соққы беру, соққы бергенде олар қайта тұра алмастай ету деген сөз. Біз, большевиктер нағыз шабуыл деп осыны айтамыз» [1, 184 -б.].

Осылайша, И.Сталиннің теориялық тұжырымдары 1929 жылдың 5 желтоқсанында құрылған (төрағасы Я.А. Яковлев) БК(б)П ОК Саяси бюросының «Коллективтендіру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысна көмек беру шаралары туралы» қаулысының жобасын дайындау үшін құрылған комиссияның жұмысына шешуші ықпал жасап, оның кулактарды тап ретінде жою шараларын жасауға баса мән беруін қажет етті [3, 206 –б.].

1930 жылы 5 қаңтарда жарық көрген бұл қауылда кулактарға қарсы жаулық саясаттың мәні төмендегідей түсіндірілді: «Біздің ірі кулак өндірісін ірі колхоз өндірісімен ауыстыруға, барлық

жоспарда болжағанынан өсуі әлде қайда асып түскен совхоздар туралы айтпағанның өзінде, социалистік егін шаруашылығын жасауға байланысты қуатты алға жылжуға материалдық базамыз бар. ССРО-ның барлық халық шаруашылығы үшін шешуші маңыз алатын бұл жағдай партияның өзінің практикалық жұмысында кулактардың қанаушылық бағыттарын тежеу саясатынан, кулактарды тап ретінде жою саясатына көшуге толық негіз жасады» [4, 258 – б.]. Кулак туралы мәселені біржолата шешу және оны тап ретінде жоюдың нақты шараларын жасау үшін БК(б) П ОК 1930 ж. 15 қаңтарда өзінің хатшысы В.М.Молотов бастаған арнайы комиссия құрды [3, 206 –б.].

Комиссия жұмысына теориялық ықпал жасау үшін И.Сталин «Красная звезда» газетіне 1930 ж. 21 қаңтарында «Кулактарды тап ретінде жою саясаты туралы мәселе жөнінде» деген атпен өзінің мақаласын жариялады [1, 195-201 –бб.]. Онда И.Сталин екі түрлі күрделі сауалға жауап берді. Оның алғашқысы – 1927 жылы болып өткен соңғы БК (б) X съезінің жерді арендаға беру және деревняда еңбек жалдау туралы заңдарды күшінде қалдыруы жаңа саясатқа, яғни кулактарды тап ретінде жою саясатына қайшы келмей ме? деген сауал еді. И.Сталин бұл сұрауға жауап бергенде партияның XV съезінің жоғарыдағы мәселелер жөніндегі шешімдеріне ашықтан-ашық қарсы болып былай деді: «Бұл заңдар мен қаулылар (арендаға беру және деревняда жалдамалы еңбекті пайдалану туралы – Ф.Қ.) кулактарды тап ретінде жою саясатына қарсы келмей ме? Сөз жоқ, қайшы келеді! Олай болса жаппай коллективтенген аудандарда бұл заңдар мен қаулыларды енді былай жинап қоюға тура келеді» [1, 199 -б.].

Иә, осылайша И.Сталин деревнядан нарық механизмінің соңғы элементтерін де өмірден аластап, басқарудың таза әміршіл-әкімшіл әдістерін ұсынды. Сол жылдарда қоғамды толғандырған екінші сауал бұрынғы деревняның капиталистік элементтерін тежеу саясаты. Кулактарды тап ретінде жою саясаты арасындағы сабақтастық қандай? – деген мәселе еді. И.Сталин бұған төмендегідей жауап береді: «...кулактарды тап ретінде жою саясаты деревняның капиталистік элементтерін тежеу (және ығыстыру) саясатының жалғасы деуге болады ма? Әрине болмайды!» [1, 200 -б.].

Неге «болмайтынын» ол одан ары былай түсіндірді: «Кулактарды тап ретінде ығыстырып шығару үшін, бұл таптың қарсылығын ашық майданда тойтару керек және кулактарды олардың өмір сүруіне және дамуына керекті өндіріс көздерінен (жерді еркін пайдалану, өндіріс құралдары, аренда, еңбек жалдау правосы, тағысын-тағылардан) жұрдай қылу керек. Кулактарда тап ретінде жою саясатына бет бұру деп міне осыны айтады».[11]

И.Сталин осылайша мәселені өте қатал қойды. Кулактардың жағдайын қиындата түскен бір мәселе, барлық өмір сүруге қажетті нәрселерден жұрдай болған олар, тіптен колхозға өз еріктерімен кіру құқынан да айырылды. Осыдан соң 1930 ж. 5 қаңтарда жарық көрген «Коллективтендіру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек беру шаралары туралы» БК (б) Орталық Комитетінің қаулысында кулактарды колхозға алуға мүлдем тыйым салынды [4, 260 -б.].

Кулакқа қарсы шаралардың шұғыл қолға алынуына 1930 жылдың қаңтардың алғашқы жартысында болып өткен жаппай коллективтендіру аудандары өкілдерінің Бүкілодақтық кеңесі қайшы болды [3, 210 -б.]. И.Сталиннің жоғарыда 21 қаңтарда айтылған пікірінен кейін, тіптен осы мәселеге байланысты құрылған және жоғарыда атап көрсетілген БК(б)П ОК комиссиясының қорытындысын күтіп жатпастан, енді жаппай коллективтендіру аудандарында кулактарды тап ретінде жою саясаты шұғыл қолға алынды. Мысалы, Қазақстанда 1930 жылы 23 қаңтарда Қазақстан өлкелік партия комитетінің жанынан құрылған кулактарды тап ретінде жоюды дайындау және жүзеге асыру шаралары бойынша үштік мәжілісі кулактарды Қазақстанның өз ішінде жер аудару мәселесін қарады. Бұл бойынша жаппай коллективтендірілетін аудандардан жер аударылатын кулактар қожалықтарының саны 20 мың болып белгіленеді [5].

Жер аударылатын кулак қожалықтары өндіріс орындарынан, темір жолдардан және өлкеаралық аудандардан жырақ шөл аудандарға тығыз қоныстандырылатын болды. Мұндай

аудандарға Адай, Балқаш бойы, Уст-Урсам, Бөкей, Ырғыз, Шет аудандары, бұрынғы Атбасар уезінің және Торға й ауданының оңтүстік бөлігі жатты.

Бірінші кезекте ОГПУ органдары жер аударылатын кулактар жанұяларын көрсетілген аудандардағы шаруашылық жұмыстарында қалай пайдаланатындарын екі күннен қалмай анықтап шешулері тиіс болды. Екінші кезектегі мәселе ретінде Қазақстанның өз ішіндегі барлық кулак жанұяларын жер аудару қажеттілігі атап көрсетіледі [5].

Жиналыс мұнымен шектелмей, күн тәртібіне үшінші мәселе етіп кулактар қожалықтарын нақты есепке алу мәселесін қойды. Сонымен қатар дәл осы жиналыста Кеңестер Одағының басқа аудандарынан Қазақстанға жер аударылатын кулактар туралы мәселе де талқыланады. Осыған байланысты алғашқы кезекте Қазақстанға сырттан жер ауып келетін кулактар жанұяларының саны шамамен 30 мыңдай болады деп жобаланады. Оларды да Қазақстанның өз ішіндегі кулактар жер аударылатын аудандарға қоныстандыратын болды [6].

Бұл жұмысты жаппай коллективтендіру жүргізілетін округтерде құрылатын үштіктер жүзеге асырулары тиіс болды. Оның құрамына округтік комитет хатшысы (төраға), округтік атқару комитетінің төрағасы және округтік ОГПУ-дің бастығы кірді. Оларға кулактарды жер аударуға байланысты барлық жұмыстарды қатал түрде құпия ұстау тапсырылды. Округтік үштіктер кулактарды есепке алу жұмысын округтік финанс бөлімінің салықтар жөніндегі тізімдерін пайдалана отырып, бас-аяғы 10 күндік мерзімде аяқтаулары тиіс болды. Осындай шешім қабылдаған республикалық үштік қаулысына: І.Құрамысов (төраға), Альшанский мен Асылбеков қол қойған [7]. Жоғарыда атап көрсетілген осы мәселеге байланысты құрылған БК (б) П Орталық Комитетінің В.Молотов басқарған комиссиясы 1930 жылы 26 қаңтарда өздерінің жұмыстарын аяқтап, қаулы жобасын Саяси бюроға тапсырды. 30 қаңтарда БК (б) П ОК Саяси бюросы «Жаппай коллективтендіру аудандарындағы кулактар шаруашылықтарын жоюға байланысты шаралар туралы қаулы қабылдады, ол сол күні телеграфпен барлық партия ұйымдарына жіберілді» [8, 177-178 бб.].

«Правда» газеті арада бір күн өткен соң, өзінің бас мақаласында «Кулакты жоюды жаппай коллективтендіруден бөліп қарауға» қарсы шешуші күреске шақырды [9].

Саяси бюронның 30 қаңтарындағы қаулысы кулактарды жерден де, адам жалдаудан да, құрал-сайманнан да біржолата айырды. Кулактардың Кеңес өкіметіне қарсы бас көтерулерін болдырмау үшін мынадай шаралар белгіленеді:

а) контрреволюциялық актив, қастандық актілерін және кеңеске қарсы бүлікті ұйымдастырушылар тұтқындалулары сотқа берілулері тиіс болды;

б) ірі кулактар және бұрынғы жартылай помещиктер коллективтендіруге қарсы болғандықтан жаппай коллективтендіру аудандарынан елдің алыстағы солтүстік аудандарына жер аударуға жатты;

в) қалған кулактардың ең көп бөлігі аудан көлемінде жаңа жерлерге қоныстандырылып, колхоздар жерінен тыс аймақта орналасатын болды.

Қаулыда кулактардың көрсетілген үш категориясы оларды жергілікті жердегі сандарына байланысты өзгеріп отыруы керектігін атап көрсете келе, бірақ шаруалар арасында кулакқа айналдырылғандар жалпы алғанда орта есеппен 3-5 % аспаулары керектігін де ескертті [10, 54 - б.]. Партияның Орталық Комитеті мұны жазалау шараларының орташаларға таралып кетуінен сақтандыру шаралары деп қабылдаса да, шын мәнінде бұл көрсеткіш Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарына жарамайтын еді. Қолында едәуір малы бар ауқатты қазақтар 1928-29 жылдары ірі мал иелерін кәмпескелеу науқанында өздерінің бай туыстарына біріктіріліп (кәмпескелеу көрсеткішіне мал басы жетпегендіктен) кәмпескеленіп кеткен еді. Ендігі жерде қазақ ауылында әр бір 100 шаруаның 5-ін (5%) кулакқа айналдыру аса қиын шаруа еді. Бұл науқан аз ғана малы бар орта шаруаны жаппай кулакқа айналдыруға негіз жасап берді. Қаулы бойынша, алғашқы категорияға жататын – «контрреволюциялық активті» анықтау және жер аудару ОГПУ органдарына жүктеледі де, ал екінші категорияға жататын «ірі кулактарды» жергілікті өкімет

органдары анықтап, ол округтік атқару комитетінде бекітілетін болды. Ал үшінші категорияға жататын кулактарды қоныстандыру мәселесімен округтік атқару комитеттері тікелей айналысты. Кулактардан тәркіленген өндіріс құрал-жабдықтары колхоздардың бөлінбейтін қорына, ал кулактардың кооперацияға төлеген жарнамалары және салымдары кедейлер мен батырақтардың коллективтендіру қорына берілді [10, 54 -б.].

Осы БК (б) П Орталық Комитеті 1930 жылдың 30 қаңтарындағы қаулысының негізінде КСРО ОАК мен ХКК «Жаппай коллективтендіру аудандарындағы ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайтуға байланысты және кулактармен күресуге байланысты шаралар туралы» 1930 жылдың 1 ақпанында қаулы қабылданды [4, -267 б.]. Ол бойынша жаппай коллективтендіру аудандарында жерді жалға беруге рұқсат ету және жекешелер шаруашылықтарында жалдамалы еңбекті қолдану туралы (Жерді пайдаланудың және жерге орналастырудың жалпы бастауының VII және VIII бөлімдері) заңы жойылды. Өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне және автономиялық республикалар өкіметіне бұл аудандарда кулактардың дүние-мүлкін толық кәмпескелеуге және оларды жекелеген аудандардың және өлкелердің (облыстардың) жерінен жер аударуға дейін кулактарға қарсы күрес шараларын қолдану құқы берілді [4, 24 -б.].

Одақтық егіншілік Халық Комиссариаты Осы қаулыға сәйкес кулактарды тап ретінде жою шараларын жүзеге асыру тәртібі жөнінде колхоздарға үш күндік мерзім ішінде нұсқау жіберуге міндетті болды.[24] Осылайша 1930 жылдың қаңтар айында және ақпан айының басында кулактарды тап ретінде жою саясатын өмірге нақты енгізуді көздеген шаралардың тұтас жүйесі өмірге келді. Бірақ бұларда шаруаларды кулакқа айналдырып жіберу ісі тағы да сандық (сапалық емес) көрсеткіштермен белгіленіп, КСРО-ның алыс аудандарына жер аударылатындар кулак қожалықтарының жалпы санының төрттен бірінен аспауы керектігі, яғни жалпы шаруа шаруашылықтарының шамамен 1% қамтуы керектігі атап көрсетілді [3, 209 б.].

Иә, әңгімен тек алыс аудандарға жер аударылатын кулактар туралы. Ал жалпы жазаланатын, кәмпескеленетін кулактар жоғарыда атап көрсетілгендей жалпы шаруалардың 3-5% қамтуы тиіс болды. Осылайша үкімет жергілікті жерлердің өзіндік, әлеуметтік ерекшеліктерін терең талдап, бас ауыртып жатпады. Өз кезегінде жоғарыдағылардың жергілікті жерлердегі кулактарды жоюға байланысты шараларын өмірге енгізуге үлкен белсенділік танытып, көзге түсіп қалуға тырысты. Осының жарқын көрінісі Қазақстан Өлкелік партия Комитетінің мәжілісінің БК(б)П ОК-нің арнайы қаулысын күтіп жатпай-ақ бай-кулактарды жер аударуға байланысты жедел шешім қабылдауы еді. Осыған байланысты БК(б)П ОК секретариаты 3 ақпанда Қазақстанның партия ұйымына арнайы жасырын нұсқау жолдап, кулактарға қарсы шараларды жүзеге асырудағы асығыстықты және Орталық Комитет атап көрсеткен жер аударылуға тиісті кулактар мөлшерін асырып жіберушілікті және т.б. кейбір асыра сілтеушіліктерді сынға алып, Орталық Комитет Қазақстан Партия ұйымынан 1930 жылы 30 қаңтарда қабылданған қаулыны өмірге бұлжытпай енгізуді талап етті.

«БК(б)П ОК-нің 30 қаңтардағы жаппай коллективтендіру аудандарында кулактарды тап ретінде жою шаралары» туралы қаулысы Қазақ өлкелік партия комитетінің осы мәселеге байланысты комиссияның мәжілісінде 10 ақпанда қаралды [11, 14-17 -п.]. Онда кулактарды жоюға байланысты республикада жүргізетін шаралар мақұлданды және 11 ақпанның кешкі сағат 8-нен қалдырмай тікелей сыммен округтерге хабарлар жөнелтілді. Бұл тапсырмалар ОГПУ арқылы жергілікті жерлерге де жөнелтілді. Осы мәжілісте Альшанский мен Орынбаев кулактардың қаражаттарын, зайымдарын және т.б. құнды заттарын алып қою шаралары туралы да мәлімдеді. Қазақ ауылындағы кулактар мен байларды жоюға байланысты алғашқы шаралардың өткізілетін аудандарын белгілеуге байланысты мәлімдемені Залогин жасады. Бұл аудандар, әрине, жаппай коллективтендіру аудандары еді. Округтар бойынша олардың тізімі төмендегідей болып шықты: [11, 14-17 п.].

Петропавлск округі бойынша:

- | | |
|--|------|
| 1) Булаев, коллективтендірілуімен қамтылуы | 68% |
| 2) Рыков | 88% |
| 3) Қызыл әскер | 100% |

4) Трудовой 62%

5) Ворошилов 60%

Орал округі бойынша:

1) Заруральский 70%

2) Соломихинский 70%

3) Чижинский 70%

4) Тепловский 75%

5) Каменский 65%

Қостанай округі бойынша:

1) Феодоров 60%

2) Қарабалық 63%

Павлодар округі бойынша:

1) Максим Горький 87%

2) Теренқұр 76%

Ақтөбе округі бойынша:

1) Ақ бұлақ 75%

2) Мәртөк 65%

Сырдария округі бойынша:

1) Иржар 80%

2) Келес 70%

3) Жуалы 80%

4) Беловодский 70%

Бай-кулактарды тап ретінде жою осы көрсетілген аудандармен ғана шектеліп қалған жоқ. Егер басқа аудандарға коллективтендіру көлемі шамамен 70 процентке жетер болса, онда округтердің ұсыныстарымен олар БК (б)П Қазақ өлкелік комитетіне ұсынылып, мақұлданған соң кулактарды тап ретінде жою ісіне кірісе алатын болды. Осы аталған мәжілісте кулактар мен байларды тап ретінде жоюды жоғарыда көрсетілген жиырма аудандарда жою жоспарын жасау және оларды жер аудару мерзімін белгілеу республикалық ОГПУ бастығының орынбасары Альшанскийге тапсырылды [11, 14-17 -п.]. Мәжілісте жаппай коллективтендіру аудандарынан жер аударылған бай; кулактарды қоныстандаратын мекендер туралы Токтабаев сөйледі. Оның ұсынысымен бай-кулактар орналасатын жерлер және оларда қоныстанатын қожалықтар сандары нақты белгіленді. Олар төмендегідей аймақтарды қамтыды [11, 14-17 -п.].

1) Қызылорда округінде – Арал теңізінің жағалауы, оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағалаулардан басқалары 3000 шаруашылықты қабылдайды.

2) Осы округте – Сарысу өзені ауданы, Сарысудың орта ағасындағы Түгескен елді мекенінен бастап Сарысудың Телікөл және Ащыкөл көлдеріне құйылысына дейін және осы көлдері қоса, 5000 қожалық қоныстанатын болды.

3) Сырдария округінде Балқаш көлінің батыс жағалауына 2000 шаруашылық қоныстандыру жоспарланды.

4) Гурьев округінде Каспий теңізінің жағалауында (Жылқосы ауданында, Жолқосыдан Өлі Қолтыққа дейін) 2000 шаруашылық қоныстандарылатын болды.

5) Ақмола округінде Қашырлы, Құсмұрын, Адағарлы аудандарында Керей, Қыпшақ өзендері мен көлдерінен Теңіз көліне дейін 5000 шаруашылық қоныстандыру көзделді.

6) Қостанай округінде:

а) Торғайдан Ырғызға баратын даңғыл бойынша Ақтөбе округінің шекарасына дейін, осы

жолдан оңтүстікке қарай (Тұрсын құмдары, Қаракөл көлі);

б) Торғайдан оңтүстікке қарай, Аққұм құмдарында, Ақкөл көлінде, Жыланды өзенінде 1500 шаруашылықтарға орын бөлінді;

7) Ақтөбе округінде – жоғарыда көрсетілген жол бойымен Торғай шекарасынан Ырғызға дейін, Ырғыздан оңтүстікке қарай Шалқар көліне дейін, осы көлдің өзін қоса құмдарға дейін 1500 шаруашылық қоныстандырылуы тиіс;

8) Ақтөбе және Гурьев округінде Ембі және Сағыз өзендерінің жоғарғы ағысы, Шаған өзенінің ауданынан және осы аймақтағы көлдерден Үлкен Барыс құрамдарына дейін 2000 шаруашылық қоныстанатын болды;

9) Семей және Қарқаралы округінде Шығыс, Дегелең және Мұржұқ тауларында 2000 шаруашылық қоныстандырылу көзделеді. Өлкелік комиссия мәжілісі Тоқтабаевқа және Альшинскийге 11-ші ақпаннан қалдырмай осы аудандарды олар орналасқан округтерге тікелей сыммен жедел мәлімдеу, жаппай коллективтендіру аудандарынан жер аударылғандары қоныстандыратын орындарды дәл анықтай түсу, және жер ауып барғандарды жұмыстарға пайдалану жағын ойластыру тапсырылды. Байлар мен кулактар қоныстандырылған жаңа поселоктар 50 ауладан аспауы керек болды. Округтік партия комитеттерінде осы қоныстану аудандары туралы мәліметтерді тексеруге небәрі 7-ақ күндік мерзімі берілді. Өлкелік Комиссия мәжілісі жер аударылған бай-кулактарды азық-түлікпен және құрылыс материалдарымен жабдықтау туралы Лейзорзонның мәлімдемесін тыңдап, төмендегідей қаулы қабылдады:

а) ... Жер аударылған жағдайда бұл шаруашылықтарға азық-түлік қорын қалдыру ескерілсін.

в) Округтарға берілген нұсқауда БК (б)П ОК қаулысына сәйкес бай-кулак шаруашылықтарының үй тұрмысына қажет қалдырылатын заттардың тізімдері көрсетілсін.

г) Жер аударылған кулактар мен байлардың еңбектерін пайдалану көзделген аудандарда құрылыс материалдары мен азық-түлікпен қамтамасыз ету сол жерлердегі ұйымдарға жүктелсін.

д) Асылбеков пен Лейзорзонға кулак-бай қожалықтары еңбегін қоныстандыру аудандарында пайдалану тәртібін жасап және өздерінің бұл мәселеге байланысты ойларын комиссияға ұсыну тапсырылды [11, 16-17 -п.].

Бірақ жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл шешімдер қабылданбай-ақ, 23-ші қаңтардағы Өлкелік партия комитеті жанынан бай-кулактарды тап ретінде жою үшін құрылған Үштік шешімінен кейін-ақ, Қазақстанда бұл жұмыс шұғыл үрдіс алып, ә дегеннен-ақ асыра сілтеулерге ұрындырды. Бұл науқанның алапат екенін Мәскеудегі Орталық Комитеттің өзі де тоқтата алмай қалды. Нәтижесінде 1930 жылдың қаңтар айының соңына қарай Қазақстанның астық және мақта өсіретін 60 ауданында 3,1 мың бай мен кулак тап ретінде жойылды [12, 278 -б.].

Жағдай асыра сілтеуге ұласты. Қазақстанда және Орта Азия республикаларында орын алған мұндай ұнамсыз қарқынды тежеуге Мәскеудегі парияның Орталық Комитеті өзінше шара қолданып бақты. Осы мақсатпен 1930 жылы 20 ақпанда БК (б)П Орталық Комитеті «Экономикалық жағынан артта қалған аудандарда ұлттық аудандардағы коллективтендіру және кулактарға қарсы күрес туралы» [10, 184-185 -бб.] қаулы қабылдады. Онда жаппай коллективтендіру аудандарындағы кулактарға қарсы күрес шараларын сол қалпында экономикалық жағынан артта қалған ұлттық аудандарда қолдану, бұл істі жүзеге асыруда әкімшілікпен әуестену қатты сыналды. Орталық Комитет ұлт аудандарының партия ұйымдарынан назарды жаппай коллективтендіруге және бай-кулактарды жоюға жағдай дайындап алуға аударуды және бұл бағытта жүргізілетін шараларда республикалар мен облыстар іштеріндегі аудандарының өзіндік ерекшеліктерін ескеруді талап етті. Қаулы әлі жаппай коллективтендіруге жағдай пісіп жетілмеген аудандарда кулактарды (байларды) тежеу саясатын бұрынғыша жалғастыра беру қажеттілігін ескерді.

Бірақ мұның бәрі Қазақстанда орын алған асыра сілтеуге пәрменді тежеу бола алған жоқ. Байлар мен кулактарды барынша жек көрушілік, сондықтан да олардың көзін қалайда тез арада жоюды, жоғарыға тапсырманың орындалғанын жедел мәлімдеуге деген күштарлық бәрінен де

басым түсіп жатты. Ф.И.Голощекин өзінің 7-ші Бүкілқазақтық өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамасында мұны нақты масалмен мойындады, сонымен қатар Орталық партия Комитетінің шешімімен жаппай коллективтендіру аудандарына көмек беру үшін жауапты партия қызметкерлері жөнелтілді. Олардың ішінде Қазақстанға төрт ай мерзімге 200 адам жөнелтілді [3, 215 -б.].

Кулактарды тап ретінде жаппай жою саясаты ақыры 1931 жылға барып ұласты. Бір жылдың ішінде ғана Қазақстаннан бай-кулак ретінде 5500 адам жер аударылды [13, 143 -б.].

Дегенмен де, 1931 жылдың жазынан бастап кулакты іздеп табудың өзі де қиындап кетті. Қазақстанда кулакқа айналдыру процесі жоғарыдан белгіленген 5%-тен әлдеқайда төмендеп қалды [8, 288 -б.]. Енді шын мәнінде, бай-кулак тұрмақ, орта шаруаның өзін табу да мүмкін болмай кетті. Оның үстіне, 1931 жылдың өзінде-ақ кедейленудің және жұтаудың шектен шыққан көрінісі – ашаршылық барлық қазақ аудандарында жан түршігерлік халге жетті. Байды құртамын деп жүргенде, кедейдің өзінен айырылып қалатын заман туды. Сондықтан да, 1932 жылдан бастап Қазақстаннан бай-кулактарды күштеп жер аудару тоқтатылды. Бұдан бай-кулактарға деген жаулық көзқарас осымен мүлдем тоқталды деуге негіз жоқ. Қазақстандық партия функционерлері аштықтың себептерін де, зорлап отырықшыланудағы сәтсіздіктерді де, шаруалардың босып кетуін де бай мен кулактан көрді.

Байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясатына қысқаша қорытынды жасар болсақ, бұл – шаруа қауымының табиғатына қарсы бағытталған, адамгершіліктен жұрдай, қылмысты саясат болды. Сондықтан да оның зардаптары да аса ауыр: ауыл шаруашылығы дәстүрлі мал шаруашылығын табиғи ерекшеліктерге сай тиімді ұйымдастыра алатын ең іскер, білікті, нарықты жақсы меңгерген, шаруақор адамдарынан айырылды.

Ал мұның өзі қазақ қауымын ашаршылық апатына ұрындыруға апарып соқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сталин И.В. Шығармалар, Алматы: Қазбiрмембас, 1950, 12 том: (апрель 1929 – июнь 1930), -1950, – 200 с.
- 2 Всеказахская конференция ВКП(б). Стеногр.отчет. – 104 с.
- 3 История советского крестьянства. 2 т. – 206 с.
- 4 Коллективизация сельского хозяйства. Важн.пост. – 258 с.
- 5 ҚР ПА, 141 қ.
- 6 ҚР ПА, 141 қ, 2696 іс, 4 п.
- 7 ҚР ПА, 141қ., 1 том, 2696-іс, 4 п.
- 8 Ивницкий Н. Классовая борьба в деревне и ликвидация кулачесво как качество ака класса, 1992-1993 гг. – 288 с.
- 9 «Правда», 1930 г., 1 февраля.
- 10 История КПСС, 4 т., кн. 2, – 54 с.
11. ҚР ПА, 141 қ., 1т., 2969 іс, 14-17 п.
- 12 Очерки истории коллективизации сельского хозяйства в союзных республиках. М., 1963, – 278 с.
- 13 Ленинский кооперативный план и борьба партии за его осуществление. М, 1969, – 143 с

МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т.	
АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1242-1269 жж.).....	8
Алдажұманов Қ.С.	
СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛКІПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КАРТОЧКА ЖҮЙЕСІ (1941-1945).....	20
Алмагамбетова А.М.	
1959-1970 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АНАЛИЗЫ.....	28
Алпысбес М.	
ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХ МҰРАЛАРЫ.....	37
Асанова С.А.	
ТАРИХИ ӘНГІМЕ-ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.....	48
Әбділдабекова А.М.	
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ ...	53
Әбжанов Х.	
АКАДЕМИКТІҢ АМАНАТЫ.....	58
Әбубәкірова Ә.П.	
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР МӘСЕЛЕСІ.....	64
Әділжанов Н.	
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ).....	72
Баудиярова К.Б.	
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	82
Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.	
ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ.....	89
Жайлыбаев Д.Ж.	
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР.....	95
Жакин М.С.	
БӨРІ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ ДЕРЕК (сыни талдау тәжірибесі).....	99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.	
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР.....	113
Жетписбаев А.О.	
XIX-XX ҒҒ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ: ХАЛЫҚ САНАҒЫ: ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	122
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.	
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.).....	131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.	
ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ.....	138
Кариев Е.М.	
ЕУРАЗИЯ КӨНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ (ерте темір дәуірі және қазіргі заман).....	144
Каринбаев Ж.Ә.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЛОРУС ЭТНОСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ.....	152
Картаева Т.Е., Оралбай Е.	
ҚҰДЫҚ ҚАЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚҰДЫҚ ТҮРЛЕРІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША).....	163
Кәрібаев Б.Б.	
XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.	
XV Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН.....	186
Қозғамбаева Г.Б.	
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....	193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсеғұлова А.Қ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МУЗЕЙІ.....	198
Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ.....	206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. 1921-1922 ЖЖ. ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	214
Майданали З. ИМПЕРИЯЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ БІРЛЕСТІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР).....	222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О. ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРҒА БЫҚПАЛЫ.....	227
Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С. Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВТІЛІГІНІҢ ФЛАГМАНЫ РЕТІНДЕ.....	239
Мұсағалиева А.С. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР.....	245
Нұртазина Н.Д. VIII-X ҒҒ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАППАЙ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ.....	255
Нұртазина Н.Д. ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ ФЕНОМЕНІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	260
Нұртазина Н.Д. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ: ДІНДЕР, МӘДЕНИЕТТЕР, БАЙЛАНЫСТАР.....	266
Омарбеков Т.О. АЛТЫН ОРДА ХАНЫ ТОҚТАМЫСТЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖОРЫҒЫ.....	272
Өтепова Г.Е. VIII Ғ. - XX Ғ. БАСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН.....	280
Өтепова Г.Е. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПАТША ЗАҢНАМАСЫ.....	288
Өтепова Г.Е. СІБІР КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	297
Раздықов С.З. СУБЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕСКІ ДӘСТҮРДІ ҰСТАНУШЫЛАРЫ.....	303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ, КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ, АСА ҮЛКЕН ЭТНОСТАР ТАРИХЫН ҚОСА АЛҒАНДА: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....	316
Сайлан Б., Раушанбек Б. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ.....	330
Сайлан Б. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ УКРАИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ.....	335
Сыздықов С.М. «МӨҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	340
Тасилова Н.А., Қозғамбаева Г. «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....	345
Телеуова Э.Т. ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	351
Телеуова Э.Т. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНАН.....	355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д. АКАДЕМИК М.К. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖАҢА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ.....	360

Удербасева С.К. ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ «ЕҢБЕКТЕР» ЖИНАҒЫНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	365
Удербасева С.К. ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ.....	380
Ускенбай К. АҚ ОРДА: ҰЛЫС БІРЛЕСТІГІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ.....	392
Ускенбай К. ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ "ҚАЗАҚТАР" ЖӘНЕ "ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ" ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ.....	396
Хабижанова Г.Б. ҚЫПШАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ.....	402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н. ХІ-ХІІІ ҒҒ. ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРЫС КНЯЗДІКТЕРІМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ.....	408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А. ҒҰН-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ТАҢБАЛАРЫ.....	413
Шайхығалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р. ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	422

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т. А НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (1242-1269 гг.).....	8
Алдажұманов Қ.С. С КАРТОЧНАЯ СИСТЕМА СНАБЖЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ В КАЗАХСТАНЕ В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941-1945)	20
Алмагамбетова А.М. ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ.....	28
Алпысбес М. ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКОГО МИРА В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ В ПРОЦЕССЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	37
Асанова С.А. ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ - ИСТОЧНИК ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ.....	48
Әбділдабекова А.М. ОЦЕНКА КОЛОНИАЛЬНОГО ПЕРИОДА В ТРУДАХ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	53
Әбжанов Х. АМАНАТ АКАДЕМИКА.....	58
Әбубәкірова Ә.П. ПРОБЛЕМЫ И ИТОГИ ПЕРЕГОВОРОВ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЫ...64	
Әділжанов Н. ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ: КАК ФОРМАЦИОННОЕ И ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ЯВЛЕНИЕ (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ).....	72
Баудиярова К.Б. МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ.....	82
Егізбаева М.Қ., Бейсеғұлова А.Қ. ЭТНОКУЛЬТУРА УЗБЕКСКИХ И КАРАКАЛПАКСКИХ НАРОДОВ.....	89
Жайлыбаев Д.Ж. ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЕ ТРУДЫ ОБ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ КАЗАХОВ.....	95
Жакин М.С. БОРИ БАТЫР: МИФ И ФАКТ (опыт критического анализа).....	99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д. ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	113
Жетписбаев А.О. ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В XIX-XX ВВ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ПЕРЕПИСЕЙ НАСЕЛЕНИЯ.....	122
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д. ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.).....	131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж. НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ В КАЗАХСТАН.....	138
Кариев Е.М. ИСТОКИ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ (ранний железный век и современность).....	144
Каринбаев Ж.Ә. ПРЕДСТАВИТЕЛИ БЕЛОРУССКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАСТОЯЩЕЕ.....	152
Картаева Т.Е., Оралбай Е. РАЗВИТИЕ КОЛОДЕЗНОГО ДЕЛА И ЕГО РАЗНОВИДНОСТИ (ПО МАТЕРИАЛАМ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ).....	163
Кәрібаев Б.Б. ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ.....	180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С. ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА.....	186
Қозғамбаева Ғ.Б. ВЫДАЮЩИЙСЯ ГЕОЛОГ И УЧЕНЫЙ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....	193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсеғулова А.Қ. МУЗЕЙ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ Г. ШЫМКЕНТ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	198
Қозыбақова Ф.А. ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ.....	206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. 1921-1922 гг. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВОДИМУЮ ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНУЮ РЕФОРМУ.....	214
Майданали З. ИМПЕРСКИЕ КОНФЕДЕРАЦИИ И КОЧЕВЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ).....	222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О. ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ В 60-70 ГГ. XIX ВЕКА НА КАЗАХОВ И КЫРГЫЗОВ.....	227
Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С. ТРУДЫ Н. НАЗАРБАЕВА КАК ФЛАГМАНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВНОСТИ КАЗАХСТАНА.....	239
Мұсағалиева А.С. ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ.....	245
Нұртазина Н.Д. О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ.....	255
Нұртазина Н.Д. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН ИСЛАМИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА.....	260
Нұртазина Н.Д. ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РЕЛИГИИ, КУЛЬТУРЫ, КОНТАКТЫ.....	266
Омарбеков Т.О. ПОХОД ХАНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ТОХТАМЫША НА МОСКВУ.....	272
Өтепова Г.Е. ИЗ ОПЫТА ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА VIII-НАЧАЛА XX ВЕКА.....	280
Өтепова Г.Е. ЦАРСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО XIX ВЕКА О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ В КАЗАХСТАНЕ.....	288
Өтепова Г.Е. МАТЕРИАЛЫ СИБИРСКОГО КОМИТЕТА КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	297
Раздыков С.З. СУБЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА - СТАРОВЕРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И. ИСТОРИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ВКЛЮЧАЯ ИСТОРИЮ НАИБОЛЕЕ КРУПНЫХ ЭТНОСОВ: ОСНОВНЫЕ ИТОГИ.....	316
Сайлан Б., Раушанбек Б. ОБРАЗ ГЕРОЕВ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	330
Сайлан Б. ПОДВИГИ ГЕРОИЗМ КАЗАХСТАНЦЕВ В БОРЬБЕ ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ УКРАИНЫ.....	335
Сыздықов С.М. ИДЕЯ "МӘНГІЛІК ЕЛ": ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ.....	340
Тасилова Н.А., Қозғамбаева Г. «МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ХОЗЯЙСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ.....	345
Телеуова Э.Т. СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ.....	351
Телеуова Э.Т. ИЗ ИСТОРИИ ОБЫЧНОГО ПРАВО КОЧЕВНИКОВ.....	355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д. ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ: НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ.....	360

Удербасева С.К. ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОРЕНБУРГСКОЙ УЧЕНОЙ АРХИВНОЙ КОМИССИИ.....	365
Удербасева С.К. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОЛНОМОЧИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА ТУРКЕСТАНСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА.....	380
Ускенбай К. АК-ОРДА: ОТ УЛУСНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ К НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ	392
Ускенбай К. О ТЕРМИНАХ «КАЗАХИ» И «КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО» В ИСТОЧНИКАХ.....	396
Хабижанова Г.Б. КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН.....	402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КЫПЧАКОВ С РУССКИМИ КНЯЖЕСТВАМИ В XI-XIII ВВ.....	408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А. СИМВОЛЫ ВЛАСТИ В КУЛЬТУРЕ КОЧЕВНИКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ГУННО-САРМАТСКОГО ВРЕМЕНИ.....	413
Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ НОВЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ ЕРЕЙМЕНТАУСКОГО РАЙОНА.....	422

CONTENTS

Abdimomynov N.T. SOME PROBLEMS OF THE POLITICAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE (1240-1269).....	8
Aldazhumanov K.S. CARD SYSTEM IN PROVIDING FOOD TO THE POPULATION OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945).....	20
Almagambetova A.M. HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS OF TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN FOR 1959 - 1970.....	28
Alpisbes M. HERITAGE OF SPIRITUAL AND CULTURAL HISTORY OF THE TURKIC WORLD IN STRENGTHENING THE UNITY OF PEOPLES IN THE PROCESS OF GLOBALIZATION.....	37
Asanova S.A. HISTORICAL NARRATIVE - THE SOURCE OF IDENTITY IN MODERN KAZAKHSTAN.....	48
Abdildabekova A.M. EVALUATION OF THE COLONIAL PERIOD IN THE WORKS OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA OF EARLY XX CENTURY.....	53
Abzhanov Kh. ACADEMICIANS TRUST.....	58
Abubakirova A.P. PROBLEMS AND RESULTS OF NEGOTIATIONS ON FORMATION OF THE KAZAKHSTAN-CHINESE BORDER.....	64
Adilzhanov N. DEMOCRATIC TRENDS: AS A FORMATIVE AND CIVILIZATIONAL PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECT).....	72
Baudiyarova K.B. RESEARCH METHODS OF STABILITY OF THE FAMILY.....	82
Yegizbaeva M.K., Beisegulova A.K. ETHNO-CULTURE OF THE UZBEK AND KARAKALPAK PEOPLES.....	89
Zhailybayev D.Zh. PREREVOLUTIONARY PROCEEDINGS OF CUSTOMARY LAW KAZAKHS.....	95
Zhakin M.S. BORI BATYR: MYTH AND FACT (critical analysis experience).....	99
Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D. SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA.....	113
Zhetpisbayev A.O. THE MAIN STAGES OF ETHNODEMOGRAPHIC CHANGES IN KAZAKHSTAN IN 19th - 20th CENTURIES: BASED ON THE POPULATION CENSUS MATERIALS.....	122
Iskakova G.Z., Baydavletova M.D. THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.).....	131
Kabdushev B.Zh., Kabdusheva L.Zh. THE FORCED DEPORTATION IN KAZAKHSTAN.....	138
Kariyev Y.M. THE ORIGINS AND CULTURAL HERITAGE OF THE ANCIENT TURKIC CIVILIZATION OF EURASIA (early iron age and the present).....	144
Karinbayev Zh.A. REPRESENTATIVES OF THE BELORUSSIAN ETHNOS IN KAZAKHSTAN: HISTORY OF FORMATION AND CURRENT STATUS.....	152
Kartaeva T.E., Oralbai Y. THE DEVELOPMENT OF BUSINESS IN THE WELL AND ITS VARIANTS (MATERIALS OF ARCHEOLOGY AND ETHNOGRAPHY).....	163
Karibaev B.B. THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES.....	180
Karybaev B.B., Nogaibayeva M. FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY.....	186

Kozgambaeva G.B.	
OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....	193
Kozgambayeva G.B., Beisegulova A.K.	
MUSEUM OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SHYMKENT, SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....	198
Kozybakova F.A.	
EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN.....	206
Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O.	
1921-1922 A NEW APPROACH TO THE LAND AND WATER REFORM CARRIED OUT.....	214
Maydanali Z.	
IMPERIAL CONFEDERATIONS AND NOMADIC ASSOCIATIONS OF CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHY OF PROBLEM).....	222
Mahaeva A.Sh., Chargynova G.O.	
EFFECT OF POLITICAL PROCESSES IN EAST TURKESTAN IN 60-70 YEARS. XIX CENTURY IN THE KAZAKHS AND KYRGYZ.....	227
Mukhamadeev T.M., Mukhadeeva I.A., Kapbasova D.S.	
WORKS OF N. NAZARBAYEV AS A FLAGSHIP OF STATE SECURITY, COOPERATION AND PROSPECTS OF KAZAKHSTAN.....	239
Musagalieva A.S.	
HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA.....	245
Nurtazina N.D.	
ON THE SYSTEMATIC CRISIS OF THE TURKIC NOMADIC SOCIETY OF CENTRAL ASIA AT THE END OF VIII-X CENTURIES.....	255
Nurtazina N.D.	
A NEW APPROACH TO THE PHENOMENON OF ISLAMIZATION OF KAZAKHSTAN.....	260
Nurtazina N.D.	
HISTORY OF ANCIENT CENTRAL ASIA: RELIGIONS, CULTURES, CONTACTS.....	266
Omarbekov T.O.	
CAMPAIGN OF GOLDEN HORDE KHAN TOKHTAMYSH TO MOSCOW.....	272
Otepova G.E.	
FROM THE EXPERIENCE OF STUDYING LEGISLATIVE SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN VIII-EARLY XX CENTURY.....	280
Otepova G.E.	
TSARIST LEGISLATION OF THE XIX CENTURY ON THE LAND ISSUE IN KAZAKHSTAN.....	288
Otepova G.E.	
PROCEEDINGS OF THE SIBERIAN COMMITTEE, AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE RUSSIAN EMPIRE.....	297
Razdykov S.	
SUBETHNIC CULTURE - OLD BELIEVERS OF THE EASTERN KAZAKHSTAN.....	303
Sadvokassova A., Koshman T., Rakisheva B.	
HISTORY OF INTER-ETHNIC, INTER-RELIGIOUS RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, INCLUDING THE HISTORY OF THE LARGEST ETHNIC GROUPS: THE MAIN OUTCOMES.....	316
Sailan B., Raushanbek B.	
THE HEROES CHARACTER IN MILITARY ART OF THE KAZAKH NATION.....	330
Sailan B.	
HEROISM OF KAZAKHSTAN CITIZENS IN FIGHT FOR INDEPENDENCE OF UKRAINE.....	335
Syzdykov S.M.	
THE IDEA OF " MANGILIK EL": POLITICAL AND PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS AND HISTORICAL CONTINUITY.....	340
Tasilova N.A., Kozgambaeva G.	
"MATERIALS ABOUT KYRGYZ LAND USE ..." AS THE SOURCE ON HOUSEHOLD-ECONOMICAL HISTORY OF KAZAKH ECONOMY.....	345
Teleuova E.	
SOCIAL FEATURES ARE IN TRADITIONAL CIVILIZATION.....	351
Teleuova E.	
FROM HISTORY OF NOMADIC CUSTOMARY LAW.....	355

Tolenova Z.M., Kubeyev R.D.	
THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL.....	360
Uderbaeva S.K.	
REFLECTION OF THE HISTORY OF THE NOMADIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE "PROCEEDINGS" OF THE ORENBURG SCIENTIFIC ARCHIVAL COMMISSION.....	365
Uderbaeva S.K.	
ACTIVITIES AND POWERS OF KAZAKH OFFICIALS TURKESTAN GOVERNOR-GENERAL.....	380
Uskenbai K.	
AK-ORDA: FROM A ULUS ASSOCIATION TO AN INDEPENDENT STATE.....	392
Uskenbai K.	
ABOUT THE TERMS "KAZAKHS" AND "KAZAKH STATE" IN THE SOURCES.....	396
Habizhanova G.B.	
KIPCHAKS ROLE IN KAZAKH TRIBES FORMATION.....	402
Khabizhanova G.B., Saginayeva A.N.	
TRADE-ECONOMIC AND CULTURAL RELATIONS OF KIPCHAKS WITH THE RUSSIAN PRINCIPALITIES IN THE XI-XIII CENTURIES.....	408
Shaymerdenova N.G., Yaryghin S.A.	
SYMBOLS OF POWER IN THE CULTURE OF CENTRAL ASIAN NOMADS (HUN-SARMATIAN PERIOD).....	413
Shaikhygaliev E.A., Izteleuova L.I., Elyubaev R.B., Yerzhanov R.R.	
ARCHAEOLOGICAL PROSPECTING WORKS ON IDENTIFICATION OF NEW ARCHAEOLOGICAL OBJECTS OF EREYMENTAU DISTRICT.....	422

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 4(8)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй